

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 867 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 мамырдағы N 731 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы N 383 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 737 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 867 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 36, 407-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Ұйымдастыру іс-шаралары" деген 1-бөлімде:
реттік нөмірі 1.6 - жолда:

2-бағанның екінші және үшінші абзацтарындағы "және салуға" деген сөздер ", салуға және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.7 - жолда:

2-бағандағы "және салуға" деген сөздер ", салуға және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-бағандағы "28,7", "9,6", "9,6" және "9,5" деген сандар тиісінше "42,834", "8,734", "21,6" және "12,5" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.8 - жолда:

2-бағандағы "дамытуға және жайластыруға" деген сөздер "дамытуға, жайластыруға және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-бағандағы "90,0 млрд. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 30,0" деген сөздер "89,905 млрд. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 29,905" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.11-жолдың 6-бағанындағы "6 млрд. 508 млн. теңге, оның ішінде: 2008 жылы - 1 млрд. 123" деген сөздер "6 млрд. 18 млн. теңге, оның ішінде: 2008 жылы

- 633" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1.12-1-жолмен толықтырылсын:
"

1.12-1	"Жергілікті атқарушы Қазақстан органдардың Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде салынған тұрғын үйлерді сату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі N 711 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, ИСМ, ЭБЖМ, Әділетмині	2009 жылғы наурыз
--------	--	---	----------------------------------	-------------------

".

"Ипотекалық кредит беру жүйесін жетілдіру" деген 2-бөлімде:
реттік нөмірі 2.4-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:
" 2 0 0 8 ж ы л " ;

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:
" 2 0 0 8 жылы 15 млрд. теңге " ;

"Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін дамыту" деген 3-бөлімде:
реттік нөмірі 3.1-жолдың 2-бағанындағы "және резервтік" деген сөздер алып
т а с т а л с ы н ;

"Жиыны: Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қамтамасыз етуге арналған бюджет қаражатының көлемі"
д е г е н ж о л д а :

6-бағандағы "300,8", "110,3", "102,8" және "87,7" деген сандар тиісінше "299,349", "106,598", "100,123" және "92,628" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*